ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

06 қыркүйек 2023 жыл № 1112-23-00-2/2144 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК

ЖАУАПКЕР:
«Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК жауапкер «Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы» ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы» ЖК-нен «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК пайдасына 9 280 (тоғыз мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыппұл сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер «Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы» ЖК-нен 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Документ подписан: Кубенов Г. М., 06.09.2023

Дата вступления в законную силу: 17.10.2023 Судья Кубенов Г. М. 17.10.2023

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Документ подписан: Кубенов Г. М., 06.09.2023

Дата вступления в законную силу: 17.10.2023 Судья Кубенов Г. М. 17.10.2023